**Үміткердің «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысушылардың санатына жататындығын растайтын құжаттар**

| № | Үміткер | Құжат |
|---|---|---|
| 1. | Барлығы үшін | - жалпы орта (аттестат қосымшасымен) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (диплом қосымшасымен);<br>- жеке басын куәландыратын құжат (талапкердің/ заңды өкілдерінің);<br>- туу туралы куәлік (18 жасқа толмаған талапкерлер үшін);<br>- ҰБТ сертификаты;<br>- 3 x 4 көлемдегі цифрлық фото;<br>- Ағылшын тілінен халықаралық сертификат (бар болған жағдайда);<br>- Ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін); |
| 2. | Ауылдық жерлерден, шағын және моноқалалардан аз қамтылғандар | - түпнұсқасы не нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған (көшірмесі дұрыс) АӘК алушының анықтамасы (egov.kz-тен), ағымдағы жылға өзекті немесе үміткердің тұрғылықты жері бойынша ауданның/ қаланың/ кенттің/ ауылдың әкімдігінен/ жұмыспен қамту орталығынан, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы (аз қамтылған отбасы), аудан/қала әкім орынбасарынан не кент/ауыл әкімінен төмен емес лауазымды адамның қолы қойылған анықтама.<br>- нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі (ауыл мектебі, шағын не моноқала мектебі). |
| 3. | Жетім балалар немесе кәмелетке толғанға дейін ата- анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған:<br>- екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру туралы, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімі);<br>- баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі. |
| 4. | Мүгедектігі бар тұлғалар | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған үміткердің мүгедектігі туралы ағымдағы жылға өзекті анықтама (медициналық-әлеуметтік сараптама) |
| 5. | Мүгедек балаларды Тәрбиелеп отырған Отбасылардан шыққан тұлғалар | Нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған:<br>- үміткердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және отбасы мүшесі қатарындағы мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баламен туыстық байланысты (қандық) растайды);<br>- ағымдағы жылға өзекті отбасындағы балалардың (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі |
| 6. | - 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарыны балалары; | Деректаманың негізінде жасалатын Қордан анықтама |

| | | |
|---|---|---|
| | - 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар; | |

***Ескерту:***

- ✓ Егер өтініш беру кезінде талапкер 18 жасқа толмаған болса, онда өтінішті оның заңды өкілдері береді.
- ✓ Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет.
- ✓ Өтініш беру үшін құжаттардың электрондық нұсқасы (pdf) қажет.

*Қор қажет болған жағдайда ЖЖОКБҰ-дан не үміткерлерден тікелей қосымша құжаттарды сұратуға құқылы